

## Шымкент қаласының көшелерін қайта атау туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 43/374-4с шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 1989 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарда N 14-1-131 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабы 4-тармағына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шымкент қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Еңбекші ауданындағы 2-Новостройка көшесіне Әлімхан Ермековтің есімі берілсін;
2. Әл-Фараби ауданындағы Бабушкин көшесі Нұра деп қайта аталсын.
3. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы*     *Ғ.Ғаниев*

*Шымкент қаласының әкімі*                         *А.Жетпісбаев*

*Қалалық мәслихат хатшысы*                     *Ж.Махашов*